1.5. **Халықаралық төлем жүйелері (ХТЖ)** – төлем карточкаларын Комерсант Карточкалық операцияларды жүзеге асыру үшін қабылдайтын халықаралық төлем жүйелерінің қатысушы тараптары арасындағы өзара есеп айырысу және транзакциялармен алмасу жүйесі. Халықаралық төлем жүйесі қызмет ету қағидаларын белгілейді және Халықаралық төлем жүйесі мүшелері арасында тиісті айырбастау валютасымен Карточкалық операциялар бойынша клирингілік есеп айырысуларды жүзеге асырады.

1.6. **PIN коды** – Карта ұстаушыға оны қашықтан сәйкестендіру үшін берілген дербес сәйкестендіру нөмірі;

1.7. **Төлем карточкасы (карточка)** – оны ұстаушыға электрондық терминалдар немесе басқа байланыс арналары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға немесе қолма-қол ақша алуға немесе валюта айырбастауға және төлем карточкасын шығарушы белгілеген басқа операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын электрондық төлем құралы, ол халықаралық (International) және жергілікті (Domestic) карталар болып бөлінеді. Карточка онда көрсетілген жыл мен айдың соңына дейін жарамды;

1.8. **Карточкалық операция** – Карточка бойынша қолма-қол ақша, банктік шоттың жай-күйі туралы ақпаратты алу, тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге ақы төлеу бойынша операция және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған, төлем карточкасын шығарған банк белгілеген және оның талаптарындағы басқа операциялар;

1.9. **Қайтарымдық карточкалық операция** – Карточка ұстаушы карточканы қолдану арқылы сатып алынған тауарларды қайтарған / Карточка ұстаушы карточканы қолдану арқылы ақысы төленген (алдын ала ақысы төленген) қызметтерден, тауарлардан бас тартқан жағдайда карточканы қолдану арқылы жүзеге асырылатын операция;

1.10. **Операциялық күн** – сенбі, жексенбі және Қазақстан Республикасының ресми мейрам күндерінен басқа күндері күн сайын (жергілікті уақыт бойынша) сағат 9.00-ден 13.00-ге дейінгі және 14.00-ден 16.00-ге дейінгі кезең, егер Банк басқа уақыт кезеңін өзі белгілемесе;

1.11. **Шығыс материалдар** - чек лентасы, жапсырмалар;

1.12. **Салыстыру** - белгілі бір уақыт аралығында POS терминалы арқылы жүзеге асырылған транзакциялардың жиынтық есебі;

1.13. **Токтатым-парақ** - пайдалануға тыйым салынған және қызметке ұсынылған кезде алынатын карточкалар нөмірлерінің тізімі. Токтатым-парақты Төлем жүйесі эмитент банктердің жазбаша өтініштері негізінде жасайды. Токтатым-парақтарды шығару әлемнің өңірлері бойынша бөлек қарастырылады. Өңірлерді аумақтық шектеу төлем жүйелерінде жүзеге асырылады. Карточка нөмірін Төлем жүйесі эмитент банктің жазбаша өтінішінде көрсетілген өңірлердің Токтатым-парақтарында орналастырады;

1.14. **Өтеу сомасы** - Банктің комиссиялық сыйақысының шегерумен, сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін транзакция жасағалнан кейін Коммерсант алған ақша;

1.15. **Тәуліктік лимит** – Коммерсанттың әрбір жеке POS терминалы үшін белгіленген бір тәуліктегі транзакциялардың жалпы сомасына Банктің лимиті;

1.16. **Транзакция** – тауарларды/қызметтерді сатып алу үшін төлем карточкасы және/немесе төлем карточкасының деректемелері арқылы жүзеге асырылатын операция, нәтижесінде Карточка ұстаушының шоты дебеттеледі;

1.17. **Қаржылық талап (chargeback)** - төлемді қайтару немесе талап ету: эмитент банктің Транзакцияларға наразылық білдіру тәртібі;

1.18. **Фрод (Fraud)** – Банк мүддесіне немесе ХТЖ-нің басқа қатысушыларына залал келтіретін, ХТЖ немесе ХТЖ қатысушылары алаяқтық ретінде жіктеген, Коммерсантта, сонымен қатар оның филиалдарында (карточкалар бойынша қызмет көрсету пунктерінде) жүзеге асырылған, сондай-ақ төлем карточкаларының эмитенті қандай да бір банк болатын барлық жағдайларда, төлем карточкалары немесе оның деректемелері арқылы жасалған заңсыз, алаяқтық немесе басқа (**әдейі қате**, күмәнді және с.с.) әрекеттер;

1.19. **Чек** – қағаз нұсқада екі данада жасалатын белгіленген үлгідегі арнайы құжат. Бірінші данасы Карточка ұстаушыға, екіншісі Коммерсантқа беріледі. Чек Карточка ұстаушының POS терминалының көмегімен транзакцияны жүзеге асырғанын растайды және келесі ақпаратты қамтиды:

1. нөмірі, берілген күні, айы және жылы;
2. коммерсанттың толық атауы (код) және мекенжайы;
3. Карточка ұстаушының аты және тегі, төлем карточкасының нөмірі, қолданылуы мерзімі;
4. транзакция сомасы;
5. транзакция валютасы;
6. авторизация коды / RRN (Retrieval Reference Number);
7. Карточка ұстаушының қолы;
8. оператордың қолы (қағаз нұсқада жасалған жою чегінде ғана);

1.20. **Эквайер банк** – «ForteBank» АҚ, төлем карточкасын және (немесе) оның деректемелерін қолдана отырып төлем жасаған кезде Коммерсантта жасалған төлем құжатының талаптарына және/немесе Шарт талаптарына сәйкес, Коммерсанттың пайдасына түскен ақшаны қабылдайды және / немесе Шартта көзделген басқа әрекеттерді орындайды;

1.21. **Эмитент банк** – Карточка ұстаушының атына төлем карточкасын шығарған банк, ХТЖ қатысушыларынан Транзакциялар туралы деректерді алады және Авторизацияны жүзеге асырады;

1.22. **POS терминалы** – төлем карточкаларын қолдана отырып және Банктің ақпараттық жүйесіне қосылу арқылы тауарларға немесе қызметтерге, оның ішінде POS терминалы орнатылған банкке төлем жасау, сондай-ақ қолма-қол ақша беру жүзеге асырылатын электрондық-механикалық құрылғы;

1.23. **PCI DSS** (Payment Card Industry Data Security Standard) — төлем карточкалары индустриясының деректердің қауіпсіздігі стандарты;

- 1.24. **QR-код** (ағыл. **Quick Response Code** — тез әрекет ету коды) — Банк генерациялаған, Коммерсант және/немесе Коммерсант тауарының/қызметінің құны бойынша шифрланған ақпаратпен, карточкалық операция жасау кезінде карточка ұстаушының мобильді қосымшасында оқылатын екі өлшемді штрихкод. QR-код – Банктің меншігі және ол Шарттың қолданылу кезеңінде әрекет етеді. QR-код Шартты іске асыруға арналған және осы мақсатта ғана қолданылады;
- 1.25. **тұрақты QR-код** - Банк алдын ала генерациялаған, Коммерсант бойынша шифрланған ақпаратпен екі өлшемді штрихкод, ол төлем жүргізу үшін карточканың мобильді қосымшада оқылуы кезінде Карточка ұстаушы тарапынан төлем сомасының қосымша енгізілуін қажет етеді;
- 1.26. **динамикалық QR-код** – Комерсанттың сұранымы бойынша Банк генерациялаған, Коммерсант және/немесе Коммерсант тауарының/қызметінің құны бойынша шифрланған ақпаратпен, төлемақы төлеу үшін карточка ұстаушының мобильді қосымшасында оқылатын екі өлшемді штрихкод;
- 1.27. **"Forte QR" мобильді (мобильді қосымша)** – Коммерсантқа, сондай-ақ Коммерсанттың қызметкерлеріне QR кодын пайдаланумен сатылған тауарлар/қызметтер/жұмыстар үшін төлемдерді қабылдауға/қайтаруға мүмкіндік беретін мобильді құрылғыға арналған бағдарламалық жасақтама (бұдан әрі - Қосымша);
- 1.28. **Apple Pay/Samsung Pay** – төлем картасын пайдаланбай мобильді құрылғылар арқылы жанасусыз технология немесе магниттік жолақ арқылы төлем жасауға мүмкіндік беретін төлем қызметі.

2. Шарттың мәні

- 2.1. Осы Шарттың мәні болып табылатындар:
- 2.1.1. карточка ұстаушысы Коммерсанттың тауарларына/ қызметтеріне/жұмыстарына карточкаларды пайдалана отырып, Коммерсантта орнатылған POS терминалы/төлем карточкасының деректемелерін пайдаланы отырып, Банк Коммерсантқа жасаған QR кодын сканерлеу арқылы ақы төлеу кезінде, сондай-ақ осындай Карточкалық операциялар бойынша Коммерсанттан қабылданған төлем ақпаратын Банктің өңдеуі кезінде туындайтын Банк пен Коммерсанттың қарым-қатынастары;
- 2.1.2. Коммерсантқа өтеуі тиіс сомалар бойынша Банктің өзара есеп айырысуды жүргізуі, бұндай операциялар бойынша Банк сыйақысының сомасын есептемегенде.
- 2.2. Банк Шарт шегінде Коммерсантқа төлем қызметін көрсеткен кезде оның Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған барлық маңызды талабы төлем қызметін көрсету туралы тиісті шарттарда бар. Банктің Шарт шегінде төлем қызметін көрсетуінің ең ұзақ мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімге сәйкес келеді.
- 2.3. Жалпы талаптардың барлық қосымшасы оның ажырамас бөлігі болып табылады.

3 Негізгі қаржылық талаптар

- 3.1. Тараптар арасындағы өзара есеп айырысулар теңгеде жүргізіледі.
- 3.2. Қызмет көрсетілетін ХТЖ тізбесі Жалпы талаптардың 1-қосымшасында көрсетілген.
- 3.3. Жеке кәсіпкерге, жеке нотариусқа, жеке сот орындаушысына, адвокатқа, кәсіпқой медиаторға тарифтік жоспар ұсыну туралы шарттың Жалпы талаптарында көрсетілгендерден басқа, Шарт бойынша Банк ұсынатын қызметтер үшін комиссияларды Банк Жалпы талаптарда белгіленген тәртіппен және талаптарда Банк тарифтеріне сәйкес ұстап қалады.
- 3.4. Өтеу сомалары Карточкалық операция жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Коммерсант Шартта көрсеткен шотқа аударылады.
- 3.5. Банктің шотынан Коммерсанттың пайдасына ақшаны есептен шығару күні өтеу сомаларын төлеу күні болып есептеледі.
- 3.6. Банктің операция жүргізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде операция және оныме өзара есеп айырысулар бойынша Коммерсанттың талаптарын алмауы Коммерсанттың осы операция бойынша төлем сомасын алғандығының растамасы болып саналады.

3.7. Эмитент банктен чекте көрсетілген / мобильді қосымшада көрсетілген немесе Комерсанттың Жалпы талаптарды бұзушылықтары салдарынан ХТЖ банкінен жарамсыз чектер бойынша өндірілген сомаға өтемақы алмаған жағдайда, Банк бұл туралы Комерсантқа хабарлайды және осы мәселені шешу бойынша жұмыс жүргізеді.

Егер мәселе шешілмесе, Банк Жалпы талаптарға сәйкес кез келген төлемнен Комерсанттың пайдасына ақша сомасын ұстап қалуға құқылы, ал егер мұндай төлемдер өндіріп алынатын сомаларды жабу үшін жеткіліксіз болса, жетіспейтін сома бойынша шотты Комерсантқа ұсынуға немесе Комерсанттың Банкте ашылған банктік шоттарынан заңнамада қарастырылған тәсілдермен ақша алуға құқылы. Комерсант Шартқа қол қоя отырып, Комерсанттың банкте ашылған кез келген банктік шотынан Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен, Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен ақшаны алуға келісімін береді.

3.8. Комерсанттан карточка арқылы сатып алынған тауарды қайтарған (немесе карточка арқылы алдын ала төленген қызметтерден бас тартқан) жағдайда, Комерсант Банк ұсынған Қайтару нұсқаулығына сәйкес «қайтарып алу» операциясын орындайды. Егер техникалық себептер бойынша бұл операцияны орындау мүмкін болмаса, Комерсант қате табылған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде операцияны қайтару туралы өтінішпен Банк ұсынған нысанда өтінішін жібереді.

3.9. Банк Қайтарымдық карточкалық операция бойынша Комерсантқа тиесілі болашақ төлемдер сомаларынан Қайтарымдық карточкалық операция сомасын Комерсанттың банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы ұстап қалуға құқылы. Егер ұстап қалатын сома ағымдағы төлемдер сомасынан асатын болса немесе төлемдер жоқ болса, Комерсант келесі деректемелер бойынша Қайтарымдық карточкалық операцияны жүргізу күнінен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей карточкалық операция сомасын қайтаруға міндетті: БСН 990 740 000 683, БСК IRTYKZKA, ЖСК KZ129650000038207703, BeK 14 АТК 890. Қайтарымдық карточкалық операция сомасын уақытылы қайтармаған жағдайда, Банк мерзімін өткізудің әрбір күнтізбелік күні үшін осы операцияның сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы есептеуге құқылы.

3.10. Банк дау шешілгенге дейін фродтық операциялар бойынша есеп айырысуды жүргізбеуге құқылы. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және төлем жүйелерінің қағидаларына сәйкес карточкалық операцияның күдіктілігі немесе даулығы параметрлерін дербес анықтайды.

3.11. Комерсант тарапынан карточкалық операцияларға және олар бойынша өзара есеп айырысуларға қатысты талаптарды Банк операция жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

3.12. Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық төлем жүйесінің қағидаларында белгіленген мерзім өткеннен кейін Комерсант тарапынан қойылған талаптар үшін Банк жауап бермейді.

3.13. Комерсант Шартқа қол қоя отырып, Карточка ұстаушылардың сатып алатын тауарлар/қызметтер/жұмыстар үшін төлем сомаларын Шартқа сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысын шегерумен Комерсанттың банктік шотына аудару арқылы Шартта көзделген есеп айырысу тәртібімен келіседі.

3.14. Банктің Карточкалық операция бойынша Комерсанттың пайдасына ақша аударуы мұндай операцияларға рұқсат етілгендігін түпкілікті және даусыз деп тануды білдірмейді. Мұндай операциялар Шартқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХТЖ қағидаларына сәйкес рұқсат етілмеген деп танылуы мүмкін. Комерсант осы арқылы операцияны алаяқтық деп танумен байланысты барлық тәуекелді өз мойнына алады және Банкке қаржылық талап түскен жағдайда тауарлар/ қызметтерге ақы төлеу ретінде Карточка ұстаушысының ағымдағы шотынан аударылған немесе Банк Карточка ұстаушысына қайтарған ақшаны сөзсіз қайтаруға міндеттеме алады.

3.15. Ағымдағы шотынан операция жасалған Карточка ұстаушысынан Комерсанттың Шарт бойынша төленген тауарды жеткізу және/немесе қызметтерді көрсету бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағаны туралы немесе Шарт бойынша тауарлар және/немесе қызметтер ақысын төлеу үшін Карточка ұстаушысының ағымдағы шотынан ақшаның заңсыз алынғандығы туралы жазбаша өтініш түскен жағдайда да Эмитент банк қаржылық талап қояды (Банк эмитент банк болатын және даулау рәсімі Комерсантпен келіссөздер жүргізу және хат алмасу арқылы жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда. Даулы жағдайларды шешу мүмкін болмаған жағдайларда, олар ХТЖ қағидаларына және

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дауларды шешу рәсімдерін қолдану арқылы қаралады).

3.16. Егер Банк осы Шартта белгіленген тәртіппен сомаларды ұстап қалған/ алған (есептен шығарған) кезде, Коммерсанттың банктік шоттарынан ұсталған қалған/ алынған (есептен шығарылған) сома валютасы Банк жасаған қайтару сомасының валютасымен сәйкес келмейтін болса, Банк Коммерсанттың шоттарынан ұстап қалынатын/ есептен шығарылатын ақша сомаларын Банк белгілеген, операция жүргізу күнінде қолданыста болған көрсетілген валюталардың кез келгенін сату/сатып алу/есепке алу бағамы бойынша (Банктің таңдауы бойынша) Карточка ұстаушысына қайтарылған соманың валютасына айырбастайды.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Банк міндетті:

4.1.1. Коммерсант POS терминалы арқылы сатқан тауарлар/қызметтер/жұмыстар үшін төлемдерді қабылдаған жағдайда:

1) Тараптар Шартқа қол қойған/ Коммерсанттан Жалпы талаптардың 9-қосымшасына сәйкес толтырылған өтінімді алған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде Коммерсантқа POS терминалын жарамды күйде, қажетті құжаттамасымен ұсынуға және Коммерсант өзі сатып алған POS терминалын орнатуға;

2) қажет болған жағдайда Коммерсантты POS терминалының шығын материалдарымен тегін қамтамасыз етіп отыруға (егер Коммерсант POS терминалдарын өзі сатып алса, осы талап қолданылмайды);

3) қажет болған жағдайда POS терминалын бағдарламалық жасақтамасын техникалық қайта жабдықтауға және жөнге келтіруге;

4) банктік күндерде ұсынылған POS терминалына сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге (егер Коммерсант POS терминалдарын өзі сатып алса, осы талап қолданылмайды);

5) Коммерсанттың кінәсынан да, Коммерсантқа тәуелсіз жағдайда да POS терминалы сынған кезде POS терминалының бұзылуы туралы актіге сәйкес оны жөндеу мен ауыстыруды жүргізуге (егер Коммерсант POS терминалдарын өзі сатып алса, осы талап қолданылмайды);

6) Банк ұсынатын POS терминалына қызмет көрсетуді келесі талаптарда қамтамасыз етуге:

- Банктің байланыс орталығы арқылы кеңес беру арқылы қашықтықтан - күн сайын демалыссыз және мереке күндерісіз;

– қажет болған жағдайда, сауда орны орналасқан жеріне барумен - банктік күндері;

4.1.2. Егер Коммерсант QR кодын қолдана отырып төлем қабылдайтын болса:

1) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде Коммерсантты карточкалық жүйеге қосу;

2) карточкалық операцияларды кейіннен қарау үшін мобильді қосымшаға кіруге арналған логинді, динамикалық QR кодын құру туралы сұранысты ұсыну, карточкалар бойынша қайтару операцияларын бастау, Коммерсанттың қызметкерлерін енгізу / шығару;

3) төлем карточкаларында операция жүргізу үшін қалыптастырылған статикалық QR-кодты баспа түрінде ұсыну;

4.1.3. Банк шығарған Карточка ұстаушыларын Коммерсанттың тауарларына, жұмыстарына, қызметтеріне ақы төлеу үшін төлем карточкаларын пайдалану мүмкіндігі жөнінде ақпараттандыруға;

4.1.4. Коммерсант қызметкерлерін төлем карточкаларына қызмет көрсету тәртібі мен қағидалары бойынша тегін оқыту, сондай-ақ Коммерсанттың жаңадан қабылданған қызметкеріне (қызметкерлеріне) ақысыз оқытуды ұсыну;

4.1.5. Коммерсантқа Банктің жұмыс күндері Карточка ұстаушыларына қызмет көрсетуге байланысты кеңестер беру.

4.1.6. Шартта қарастырылған барлық PCI DSS талаптарын орындау.

4.2. Банк құқылы:

4.2.1. Коммерсант POS терминалы арқылы сатылған тауарлар/қызметтер/жұмыстар үшін төлемдерді қабылдаған жағдайда:

1) Банкке келтірілген залал мөлшерінде, POS терминалының бұзылғаны / бұзылғандығы немесе жоғалғандығы үшін Коммерсантқа шот жазып беруге (егер POS терминалдарды Коммерсант өзі сатып алған болса, бұл шарт қолданылмайды);

2) өз қалауы бойынша Банктің және Коммерсанттың уәкілетті қызметкерлері қол қойған тиісті актілер негізінде POS терминалын ауыстыру немесе алып тастауға (егер POS терминалдарды Коммерсант өзі сатып алған болса, бұл шарт қолданылмайды);

4.2.2. Транзакциялар көлемдері жеткіліксіз болған жағдайда (Коммерсантты тарту кезінде жарияланған), Шартқа қосымша келісім жасау арқылы Банк ұстап қалатын комиссиялардың көтерілуіне бастамшылық жасауға;

4.2.3. Карточканы алып қою туралы актіні ресімдей отырып, карточка ұстаушыдан карточканы алуға. Алынған карточка оның иесіне - эмитент банкке кейіннен қайтарылуы үшін үш күн ішінде Банкке қайтарылуы керек.

4.2.4. Жеке кәсіпкерге, жеке нотариусқа, жеке сот орындаушысына, адвокатқа, кәсіби медиаторға Тарифтік жоспарды ұсыну туралы шарттың Жалпы талаптарында көрсетілгендерді қоспағанда, біржақты соттан тыс тәртіпте Банк Шарт бойынша басқа банктік қызметтерді көрсеткені үшін алатын комиссия мөлшерін өзгертуге, бұл туралы Банктің жаңа тарифтері енгізілгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Банк филиалдарының операциялық залдарында және Банктің интернет сайтында (www.forte.kz) тиісті ақпаратты орналастыру арқылы Коммерсантқа хабарлайды, заңмен тікелей белгіленген жағдайларды қоспағанда, мұндай өзгеріске біржақты тәртіпте жол берілмейді;

4.2.5. Заңнамада және Шартта қарастырылған жағдайларда Коммерсанттың қызметі туралы ақпаратты құқық қорғау органдарына беруге;

4.2.6. Өзінің қалауы бойынша және себептерін түсіндірусіз соттан тыс тәртіпте Коммерсантпен ағымдағы іскерлік қатынасты жалғастырудан және жаңа іскерлік қатынас орнатудан, Коммерсанттың кез келген операциясын және осы Клиентке қатысты жүргізілетін операцияларды жүзеге асырудан бас тартуға, егер Банк Шарттың, Қазақстан Республикасының және Банк қызметіне қатысты шет мемлекеттің заңнамасының талаптары, банктің және корреспондент банктің ішкі рәсімдері мен талаптарына бұзылды, бұзылуы мүмкін деп болжаса, сондай-ақ Банкке және Коммерсантқа қолданылатын кез-келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар болған жағдайда (сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, Коммерсанттың тіркелген және (немесе) орналасқан елімен және оның лауазымды тұлғаларымен, акционерлерімен/қатысушыларымен, бенефициарлық меншік иелерімен, еншілес және қауымдастырылған ұйымдарымен операция, сондай-ақ осы елдерге/осы тұлғаларға төленетін немесе осы елдерден/осы тұлғалардан түсетін төлем түрлеріне байланысты);

4.2.7. Егер талап қою мерзімі операция жасалған күннен бастап 6 (алты) айдан (180 күн) көп болса, қайтарылатын операцияны (қаржылық талапты) жасаудан бас тартуға;

4.2.8. Коммерсанттан Шот бойынша операциялар жүргізу үшін, Банктің валюталық бақылауды жүзеге асыруы үшін, Банктің Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы үшін қажетті кез келген құжат пен ақпаратты сұрауға;

4.2.9. Мына жағдайларда операцияны тоқтата тұру және немесе бас тартуға:

1) егер осы операцияның/ мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарабы (тараптары):

а) уәкілетті мемлекеттік орган жасаған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) енгізілген ұйым немесе тұлға болса;

б) Тізбеге енгізілген ұйым немесе тұлғаның бақылауындағы немесе тікелей немесе жанама түрде иелігіндегі заңды тұлға, Тізбеге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғаның нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке тұлға немесе заңды тұлға болса;

в) халықаралық ұйым немесе шет мемлекет белгілеген қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде

тіркелген/орналасқан тұлға болса немесе егер мұндай тұлға осы операцияны / мәмілені орындауға қатысса;

2) егер Коммерсант жүргізетін операцияларды зерттеу барысында операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жүргізілуде деген күдік туындаса;

3) заңнамада, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленсе;

4.2.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда біржақты соттан тыс тәртіпте Шотты жауып, Шарттың әрекетін тоқтатуды орындаудан бас тартуға, сондай-ақ:

1) Коммерсант таратылған жағдайда, егер тарату фактісін растайтын құжаттар болса;

2) Тізбеде Коммерсант туралы ақпараттың болуы;

3) егер операцияның / мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарабы / қатысушысы халықаралық ұйым немесе шет мемлекет белгілеген қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері бар елде тіркелген / орналасқан тұлға болса немесе мұндай тұлға осы операцияны / мәмілені орындауға қатысса;

4) егер Коммерсант жүргізетін операцияларды зерттеу барысында операциялардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында жүргізіліп жатқандығы туралы күдік туындаса;

5) егер Коммерсант Клиентті дұрыс тексеру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынудан бас тартса; Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай жабуға жол берілмеген жағдайларды қоспағанда.

4.2.11. Егер Коммерсант жүргізетін операцияларды зерттеу барысында операцияның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қаржы құралдары немесе қаржы активтері болып табылмайтын және біреуге талап ету құқығынан құралмаған криптографияны және (немесе) компьютерлік есептеулерді қолдана отырып, орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде жасалған және жазылған құндылықтармен байланысты деген күдік туындаса;

4.2.12. Коммерсанттың алдын ала келісімінсіз Карточка ұстаушыларының қаржылық операцияларын қамтамасыз ету мақсатында карточкалық операцияларға тәуліктік лимиттер белгілеуге. Коммерсант үшін карточкалық операциялардың тәуліктік лимиті туралы ақпарат Банктің жауапты қызметкері осы тәуліктік лимит күшіне енгенге дейін 1 жұмыс күнінен кешіктірмей, Коммерсантқа Шартта көрсетілген электрондық пошта арқылы хабарлама түрінде жіберіледі.

4.3. Коммерсант міндеттенеді:

4.3.1. Коммерсант қызметінің заңды негіздерін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен талап етілетін барлық құжаттарға ие болуға;

4.3.2. Коммерсанттың Банктің талаптарына, ХТЖ нормаларына, сондай-ақ Шарт талаптарына сәйкес бірлескен қызметті жүзеге асыру мүмкіндігіне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында Банктің талабы бойынша қажетті құжаттар пакетін ұсынуға;

4.3.3. Коммерсанттың құрылтай құжаттарының және өзге құжаттардың (пошталық, заңды мекенжайының, электрондық пошта адресінің) өзгеру жағдайында, оларды өзгерістер енгізілген күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей Банкке ұсынуға;

4.3.4. Коммерсант POS терминалы арқылы сатқан тауарлар/қызметтер/жұмыстар үшін төлемдерді қабылдаған жағдайда:

1) Банк ұсынған POS терминалын қабылдауға, тікелей мақсатына сай тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге, алынған POS терминалының дұрыс қолданылуын және сақталуын қадағалауға (егер POS терминалдарды Коммерсант өзі сатып алған болса, бұл шарт қолданылмайды);

2) Банкке POS-терминалды орнатуға және оған техникалық қызмет көрсетуге немесе оны қайта жабдықтауға байланысты жұмыстарды жүргізу мүмкіндігін ұсынуға;

3) POS-терминалдың бағдарламалық жасақтамасы мен техникалық параметрлеріне ешқандай өзгерістер жүргізбеуге;

- 4) міндетті түрде жеке телефон желісінің болуымен POS терминалын орнататын орынды анықтауға (телефон желісін пайдалана отырып, POS терминалын қосқан кезде);
 - 5) POS терминалда жұмыс істеуге тек оқытудан өткен қызметкерлердің өтуін қамтамасыз етуге;
 - 6) тек Банктен алынған POS терминалы мен шығын материалдарын ғана пайдалануға (егер Коммерсант POS терминалдарын өзі сатып алса, осы талап қолданылмайды);
 - 7) осы Шарттың 4-қосымшасында көрсетілген құрылғының жоғалу және бұдан былай пайдалануға жарамсыз күйге келу жағдайында Банкке ҚҚС қоса алғанда, Банк белгілейтін POS терминалының қалдық құнын өтеуге (егер Коммерсант POS терминалын өз күшімен және өз қаражаты есебінен сатып алса, осы талап қолданылмайды);
 - 8) егер POS терминалдың бұзылуы Коммерсанттың кінәсынан болса, жөндеу кезінде ауыстырылатын бөлшектер құнын қоса есептей отырып, POS терминалының жөндеу құнын өтеуге (егер Коммерсант POS терминалдарын өзі сатып алса, осы талап қолданылмайды);
 - 9) POS терминалы мен шығын материалдарын үшінші тұлғаларға бермеуге және оларды пайдалану мүмкіндігін ұсынбауға;
 - 10) Шартты бұзу кезінде POS терминалын Қайтару актісі бойынша қажетті құжаттамамен бірге бүтін және пайдалануға жарамды күйде, толық құрамда қайтаруға (егер Коммерсант POS терминалдарын өзі сатып алса, осы талап қолданылмайды);
- 4.3.5. Егер Коммерсант QR кодын қолдана отырып төлем қабылдайтын болса:
App Store, Google Play мобильді қосымшасын пайдалануға;
мобильді қосымшаға кіру үшін PIN кодын жасауға және ешкімге өз PIN кодының нөмірін айтпауға;
мобильді қосымшаға рұқсатсыз кіруге жол бермеуге;
өз қызметкерлеріне транзакциялар жүргізуге өкілеттік беру/өшіру шамасы бойынша уақытында мобильді қосымшаға ақпарат енгізуге / жоюға;
- 4.3.6. Нұсқаулықтың болуын және Коммерсанттың витринасында/кіріп-шығу есігінде VISA және Master Card логотипі бар жапсырмалардың дұрыс орналасуын қамтамасыз етуге;
- 4.3.7. Заңды Карточка ұстаушылары ұсынатын, Шартта көрсетілген барлық қолданыстағы ХТЖ төлем карточкаларын төлем үшін қабылдауға;
- 4.3.8. Карточка ұстаушыларға тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің толық жиынтығын Коммерсанттың қолма-қол ақшамен есеп айырысу кезіндегі әдеттегі бағасынан аспайтын бағада ұсынуға;
- 4.3.9. Карточкалар бойынша қызмет көрсету және чекті ресімдеудің барлық қағидалары мен талаптарын осы Шарт пен оның қосымшаларының талаптарына сәйкес орындауға;
- 4.3.10. Коммерсанттың қызмет көрсету пунктерінің көзге көрінетін жерлерінде Банк берген клиенттерге тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді карточкамен төлеуге болатындығы туралы ақпарат беретін жапсырмалар мен басқа материалдарды орналастыруға;
- 4.3.11. Жарамсыз, жоғалған, ұрланған карточкалар бойынша ақпаратты (ақпараттық хаттарды) жедел қолдануға, пайдалануға;
- 4.3.12. Банк үшін Коммерсанттың карточкаларға қызмет көрсету рұқсатын алған қызметкерлеріне оқуды өткізуге жағдай жасауға;
- 4.3.13. Коммерсант қызметкерлерін Шарт бойынша талаптармен және міндеттермен таныстыруға және олардың осы Шарттың, оның қосымшаларының, нұсқаулық материалдардың, тоқтатым-парақтарының талаптарын мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етуге;
- 4.3.14. осы Шарттың, оның қосымшаларының, нұсқаулық материалдардың, ақпараттық хаттардың талаптарын бұза отырып жасалған транзакцияларға қатысты өз қызметкерлерінің әрекеттері үшін Банк алдында толық көлемде жауапкершілікті көтеруге;
- 4.3.15. Карточкаларға Шартқа сәйкес қатаң түрде қызмет көрсетуге;
- 4.3.16. Қазақстан Республикасының аумағында сатуға/жүзеге асыруға тыйым салынған тауарларға, жұмыстарға және / немесе қызметтерге ақы төлеу бойынша Карточкалық операцияларды жүргізбеуге немесе Коммерсант Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сонымен қатар, қажетті

рұқсаттамалардың болмауына байланысты, мұндай тауарларды, жұмыстарды және / немесе қызметтерді сатуға құқылы емес;

4.3.17. Жалпы талаптардың 4.3.4. 7),8) т. көрсетілген талаптарды ескере отырып, Шартта қарастырылған тәртіпте және талаптарда Банктің тарифтеріне сәйкес Шарт бойынша Банктің қызметтеріне ақу төлеуге;

4.3.18. Қателіктер фактісі анықталып, нәтижесінде Коммерсанттың банктік шотына негізсіз ақша есептелген жағдайда, Коммерсант аталған фактіні анықтаған сәттен немесе Банк қате есептелген ақшаны қайтару туралы тиісті хабарламаны жіберген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей банктік шотқа қате есептелген ақшаны толығымен Банкке қайтаруға;

4.3.19. Операциялар есебін күн сайын жүргізуге. Егер операциялар бойынша Банк есептеген және Коммерсантқа нақты тиесілі сомалар арасында сәйкессіздіктер анықталса, Коммерсант операция жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай сәйкессіздік туралы Банкке хабарлауға міндеттенеді;

4.3.20. ХТЖ-да қабылданған дипуттық құралдарды/диспуттық процесс циклдарын құжат ретінде тануға, мысалы: retrieval request, chargeback, pre-arbitration, precompliance, arbitration, compliance және басқалар; Банкке ХТЖ-ның өздері де, олардың қатысушылары да жіберген факсимильді хабарламалар, электронды хаттар;

4.3.21. POS терминалдар тізімін жаңартып отыруға, сонымен қатар, бірақ онымен шектелмей: құрылғыны қосқан, орнын ауыстырған немесе есептен шығарған сайын жаңартуға;

4.3.22. Әрбір жарамды чекте мыналар болуы керек: чек нөмірі, оның шығарылған күні, айы және жылы, Коммерсанттың толық атауы (коды) және мекенжайы, карточка нөмірі, Карточка ұстаушының аты-жөні, карточканың әрекет ету мерзімі, транзакция сомасы, транзакция валютасы, авторизация коды // RRN (Retrieval Reference Number, Карточка ұстаушының қолы, оператордың қолы (тек қағаз нұсқадағы жою чекінде ғана);

4.3.23. Коммерсанттың қызметкерлері Карточка ұстаушының сұранысы бойынша Карточка ұстаушыға толтырылған чектің екінші данасын ұсынуы керек.

4.4. Коммерсант құқылы:

4.4.1. Осы Шарттың, оның қосымшаларының талаптарына және Банктің нұсқаулықтарына сәйкес Карточка ұстаушыға Карточкалық операция жүргізуден бас тартуға;

4.4.2. Коммерсантта жүргізілген Карточкалық операциялар туралы үзінді көшірмелер алуға;

4.4.3. Банкпен электрондық пошта арқылы алдын ала келісіп, тауарлар/ қызметтер/ жұмыстар ақысын өздерінің жарнамалық материалдарындағы карточкалар арқылы төлеу мүмкіндігіне жүгінуге;

4.4.4. Банкке жүгіну арқылы QR кодын және мобильді қосымшаны және / немесе POS терминалын пайдалану бойынша Банктен кеңес алуға.

5. Қауіпсіздік

5.1. Коммерсант POS терминалы арқылы сатқан тауарлар/қызметтер/жұмыстар үшін төлемдерді қабылдаған жағдайда:

POS терминалын пайдалану кезінде, егер POS терминалы PIN кодын сұраса, қауіпсіздікке Карточка ұстаушысы PIN-кодты енгізу арқылы қол жеткізеді;

Сауда орындарында, касса терминалдарын орнату орындарында жұмыс істейтін Коммерсанттың қызметкерлері қауіпсіздік мәселелерін қамтуы тиіс мерзімді оқудан өтуі керек:

– POS терминалдарына өзгерістер енгізу немесе ақауларды жоюға рұқсат бермес бұрын оларды жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету саласындағы мамандар ретінде көрсететін адамдардың жеке басын анықтау қажеттілігі;

– тұлғаларды анықтамай және осындай әрекеттерді жасауға рұқсатты растамай POS терминалын орнатуға, ауыстыруға немесе Банкке немесе үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады;

– үшінші тұлғалардың POS терминалдары маңындағы күдікті әрекеттерін бақылау қажет (мысалы, рұқсат етілмеген адамдардың құрылғыны ажырату немесе ашу әрекеттері);

– қызметкерлер POS терминалдарын бұзу немесе ауыстыру белгілері туралы тиісті адамдарға хабарлауы керек (мысалы, тікелей басшысына немесе қауіпсіздік қызметінің қызметкеріне).

Коммерсант POS терминалдарын жалған ақша мен алмастырудан қорғау үшін қажетті шараларды қамтамасыз етуі керек. Коммерсанттың қызметкерлері құрылғыларды жиі-жиі тексеріп отыруы керек:

- құрылғыға қосылған күдікті саптамалардың, қаптамалардың немесе кабельдердің болуын;
- қорғаныш жапсырмалардың (пломбалардың) жоқтығын немесе өзгеруін;
- POS терминалының зақымдануын немесе корпус түсінің өзгеруін, сериялық нөмірінің немесе басқа сыртқы белгілерінің өзгеруін анықтау.

Құрылғыны бұзу немесе ауыстыру белгілері туралы тез арада Банкке хабарлау қажет.

Коммерсант POS терминалдарының тізімін енгізіп, оларды үнемі түгіндеуі керек (жылына бір реттен кем емес). POS терминалдарының тізіміне мыналар кіруі керек:

- құрылғының маркасы және моделі;
- құрылғының орналасқан жері;
- құрылғының сериялық нөмірі немесе басқа бірегей сәйкестендіргіш.

6. Жарамсыз чектер

6.1. Чек келесі жағдайларда жарамсыз болып табылады:

6.1.1. транзакция осы Шарт және/немесе оның қосымшаларының тармақтарын және/немесе карточкаларға қызмет көрсету бойынша нұсқаулықты және/немесе ақпараттық хаттарды бұзумен орындалса;

6.1.2. транзакция Шартта көрсетілгендерден басқа кез келген ХТЖ карточкасымен жүргізілсе;

6.1.3. Банкке ұсынылған чектің данасы Карточка ұстаушыға берілген чек данасына сәйкес келмесе;

6.1.4. Карточка ұстаушының чектегі қолы карточкадағы қолмен сәйкес келмесе;

6.1.5. транзакция жүргізу кезінде карточканың қолданылу мерзімі өткен немесе әлі мерзімі келмеген болса;

6.1.6. чектегі мәліметтер қызмет көрсетуге қабылданған карточканың нөмірімен және қолданылу мерзімімен сәйкес келмесе;

6.1.7. чек алаяқтық, Карточка ұстаушысы рұқсат бермеген немесе заңсыз транзакция бойынша ресімделген болса;

6.2. Чек жарамсыз деп танылған жағдайда, Банк Жалпы талаптардың 3.6. т. сипатталған әрекеттерді орындайды.

7. Транзакциялар бойынша ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету

7.1. Тараптар келіссөздер жүргізу, Шартты жасау және орындау барысында басқа Тараптан алған қаржылық, коммерциялық және өзге ақпараттың құпия мәліметтерін (бұдан әрі – Құпия ақпарат) жарияламауға міндеттенеді.

7.2. Егер Тарап үшінші тұлғаларға Құпия ақпаратты ашуды көздесе, онда ол бұл жайында Құпия ақпараттың меншіктенушісі болып табылатын басқа Тарапты хабардар етуге және Құпия ақпаратты ашуға деген оның алдын ала жазбаша келісімін алуға, сондай-ақ үшінші тұлғадан оған ұсынылған Құпия ақпаратты жарияламау талаптарын сақтау туралы жазбаша міндеттемесін алдын ала алуға тиіс.

7.3. Тараптар Шарттың мазмұнына байланысты Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламауға міндеттенеді, Тапсырыс берушінің осындай ақпаратты өзінің контрагентіне (-теріне) ашу жағдайларын, осындай тұлғамен (-лармен) контрагенттің (-тердің) үшінші тұлғаларға алынған/алынатын құпия ақпаратын жарияламау жөніндегі міндеттемелерді қабылдауы оның мәні болып табылатын келісімді осындай тұлғамен (-лармен) жасау шартында, сондай-ақ мұндай жариялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың сұранымдары негізінде жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда. Жалпы талаптардың осы бөлімінің талаптары бұзылған жағдайда, кінәлі Тарап басқа

Тарапқа Құпиялы ақпаратты жариялау нәтижесінде туындаған барлық құжаттамалық дәлелденген шығындарды өтеуге міндетті.

7.4. Коммерсанттың және Банктің қызметкерлері бір-бірінің Құпия ақпаратымен тек Шарттың мақсаттарына жету үшін қажетті мөлшерде ғана таныс болу тиіс.

7.5. Құпиялылық жөніндегі талаптар мерзімсіз сақталады.

7.6. Коммерсант Жалпы талаптарға қосыла отырып, Банкке дербес деректерін және Коммерсантқа қатысты өзге құпия ақпаратты өңдеуге, сонымен қатар Банк өзінің қарап шешуі бойынша қажет деп есептейтін кез келген мақсаттарға пайдалануға өзінің шартсыз және қайтарылып алынбайтын келісімін ұсынады. Тараптардың олар білетін үшінші тұлғалардың дербес деректері болып табылатын үшінші тұлғалар жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратын беруі тек ақпаратты беретін Тараптың осындай үшінші тұлғалардан мұндай ақпаратты ұсыну жөніндегі тиісті келісімдерін (өңдеуге, сонымен қатар тиісті мақсаттар үшін пайдалануға) алуынан кейін және осындай келісімдерде анықталған көлемде ғана жүргізіледі. Тараптар басқа Тараптан алынған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын дербес деректерді құрайтын ақпаратты жарияламауға міндеттенеді.

7.7. Коммерсант транзакцияны жүргізу сәтінен бастап үш жылдан кем болмайтын мерзімде транзакциялар бойынша чектер даналарының және карточкалар арқылы жүргізілген басқа ақпараттың сақталуына кепілдік береді.

7.8. Коммерсант карточка арқылы жүргізілген транзакциялар бойынша чек даналарын және басқа ақпаратты сейфте сақтауға міндеттенеді.

7.9. Коммерсант Банк сұратқан жағдайда 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізілген транзакциялар бойынша чек көшірмелерін және/немесе басқа қажетті ақпаратты Банкке беруге міндетті.

Банк Коммерсантқа Шартта көрсетілген пошталық мекенжайға немесе электрондық адресіне хат жіберу арқылы сұрау жібереді. Коммерсант Банкке ақпаратты сұратуды жіберу кезінде Банк анықтаған тәсілдердің бірімен жібереді:

- хатты Шартта көрсетілген пошталық мекенжайға апару немесе курьерлік қызмет арқылы жеткізу;
- сұрауда көрсетілген электрондық пошта адрестері бойынша электрондық хат жіберу арқылы электрондық байланыс құралдарын пайдалану.

7.10. Транзакциялар туралы растама құжаттар берілмеген жағдайда, Банк өзіне транзакциялардың сәйкес сомасын төлемеу құқығын қалдырады.

7.11. Егер Коммерсант төлейтін сомалар пайда болса, Банк оларды Коммерсанттың ағымдағы шотына аударылатын сомадан ұстауға құқылы. Банк өз қалауы бойынша, Коммерсантқа қарсы талап ету құқығын Шартта белгіленген тәртіппен Коммерсанттың банктік шоттарынан ақша алу (есептен шығару) жолымен де жүзеге асыруға құқылы.

8. Жауапкершілік

8.1. Тараптар өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Шартқа және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

8.2. Банк Коммерсант өзінің заңды мекенжайының және төлем деректемелерінің өзгергендігі туралы Банкке уақытында жазбаша хабарламағаны салдарынан төлемнің кешіктірілгені үшін жауапты емес.

8.3. Коммерсант ол бойынша операция Коммерсантта жүргізілген карта эмитенті Банкке білдірген наразылықты, операциялар фродтық (Карточка ұстаушы жасалмаған) болып табылатындығын көрсете отырып немесе эмитеттің көшірме хабарламасын, бұл эмитеттің карточкаларымен жүргізілген операциялар фродтық болып табылатындығын көрсете отырып, құжат ретінде тануға міндеттенеді.

8.4. Коммерсант қызметкерлерінің әрекеті немесе әрекетсіздігі Банкке материалды шығын (залал) келтірген жағдайда Коммерсант Банк берген жазбаша наразылықта көрсетілген сомада Банкке келтірілген шығынды (залалды) өтейді. Шығын (залал) сомасы Банк және Коммерсант қол қойған келісім актісінде қайта қаралуы мүмкін. Банк пен Коммерсант әр жеке жағдайда өтеуді орындау тәртібін

ескертеді – Коммерсантқа тиесілі сомадан ұстап қалу немесе Банк шығарған шот бойынша төлеу арқылы. Банк осы шарт бойынша есеп айырысуды наразылық реттелгенше тоқтатуға құқылы.

8.5. Фродты болдырғаны үшін Коммерсант Банкке шығынды (залал) осы Шарттың 8.4. т. белгіленген тәртіпте өтейді, Банкке төлем жүйелері арқылы шығарылған эмитенттердің наразылығын немесе эмитенттердің карточкаларымен жүргізілген операцияларды Коммерсантта фродтық деп тану себепті Банкке тікелей берілген наразылықтарды қоса алғанда.

8.6. Шарт бойынша өз міндеттерін бұзған Тарап тез арада бұл бұзушылықтарды жоюы тиіс.

8.7. Қызмет көрсету тәртібі бойынша мәліметтердің құпиялылығы туралы ақпарат басқа Коммерсанттарға және тұлғаларға жарияланса Тараптар жауапты болады. Құпиялылық тәртібін бұзғаны үшін Тараптардың әрқайсысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

8.8. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді, егер бұндай орындамаушылық мемлекеттің, жергілікті билік органдарының тыйым шараларының немесе еңсерілмейтін күш, оларға: соғыс, эмбарго, жер сілкінісі, су тасқыны және Тараптар оларға әсер ете алмайтын және олардың туындауы үшін жауапты болмайтын табиғат апаттары жағдайларының салдарынан болған болса. Тараптар олардың өз міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш жағдайларының басталуы және аяқталуы туралы шұғыл жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

8.9. Шарт (іскерлік қатынастар) біржақты бұзылған жағдайда, Банк шартты (іскерлік қатынастарды) бұзудың болжамды күнінен кемінде 3 (үш) күн бұрын Коммерсантқа тиісті жазбаша немесе SMS хабарлама жіберу арқылы Коммерсантқа хабарлайды.

Банктің осы шарттың ережелеріне сәйкес іскерлік қатынасты жалғастырудан және жаңа қатынас орнатудан, Коммерсантпен бөлек іскерлік қатынасты орнатудан, Коммерсанттың кез келген операцияны және осы Коммерсантқа қатысты операцияларды жүргізуден бас тартуы Банктің азаматтық-құқықтық немесе өзге де жауапкершіліктері үшін негіз болып табылмайды, сонымен қатар осындай бас тарту нәтижесінде болған шығындар үшін.

8.10. Коммерсант кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес шетел мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдар мен санкцияларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен барлық салдарды өз мойнына алады, оның әрекеті Коммерсантқа және оның Банк немесе Банк арқылы жүзеге асырылатын операцияларына қатысты (оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей, операция түріне, Коммерсанттың және оның лауазымды тұлғаларының, акционерлерінің / қатысушыларының, бенефициарлық меншік иелерінің, еншілес және қауымдастырылған ұйымдардың тіркелген және (немесе) орналасқан еліне, сондай-ақ осы елдерге / осы тұлғаларға немесе осы елдерден / осы тұлғалардан төленетін төлемдермен байланысты). Бұл тәуекелдер мен салдарға Банк жауап бермейді.

8.11. Коммерсант телефон / факсимиль / пошта байланысы арқылы алынған карточкалық деректемелерді пайдалана отырып жүзеге асырылатын Транзакцияларды, сонымен қатар key entry транзакциясын жүргізуге жауапты, осындай Транзакциялар, сондай-ақ Банкке Жүйелер тағайындаған осындай Транзакциялар үшін санкциялардың кез келген мөлшерінде (бар болса). Мұндай мәмілелерді рұқсат етілмеген деп танумен байланысты барлық тәуекелдерді Коммерсант көтереді.

8.12. Үшінші тұлғалармен жасалған ақпараттық қауіпсіздікті сақтау туралы келісімдерде құпиялылық ережелері, ақпараттық қауіпсіздікті бұзу салдарынан келтірілген зиянды өтеу шарттары, сондай-ақ үшінші тұлғалардың араласуынан туындаған ақпараттық жүйелер жұмысындағы сәтсіздіктер және олардың қауіпсіздігінің бұзылуы туралы мәлімет бар.

9. Шарттың әрекет ету мерзімі, оны өзгерту және бұзу тәртібі

9.1. Осы Шарт бір жыл мерзіміне жасалады және автоматты түрде кезекті кезеңге мерзімі ұзартылады, егер осы Шарт мерзімі өткенге дейінгі бір ай бұрын Тараптардың бірде бірі осы Шарттың қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша мәлімдемесе.

9.2. Тараптардың кез келгені мерзімінен бұрын соттан тыс тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы, екінші Тарапқа болжалды бұзу күнінен 30 жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлаумен.

9.3. Банк бір жақты соттан тыс тәртіпте, Коммерсантқа болжалды бұзу күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күн бұрын жазбаша хабарлаумен осы Шартты бұзуға құқылы:

- 1) ХТЖ талабы бойынша;
- 2) осы Шартты әрі қарай орындау қолайсыздығында.

9.4. Банк тарапынан Шарттың бұзылуына мыналар негіз бола алады:

карточкаларға қызмет көрсету немесе чектерді ресімдеу ережелерінің бұзылуы;

Шарт талаптарының бұзылуы;

Коммерсанттың немесе оның қызметкерлерінің Банкпен келісусіз орнатылған POS терминалын желіден ажыратуы (ұсынылған тауарлар / қызметтер / жұмыстар үшін төлемді POS терминалы арқылы қабылдау жағдайында);

Коммерсанттың алаяқтық әрекеттерге қатысты болуы немесе алаяқтық жасау кезінде әрекетсіздігі;

Шартқа қол қойылған сәттен бастап 3 (үш) ай бойы транзакцияның болмауы немесе жүргізілген транзакция (Коммерсантты тарту кезінде жарияланған) көлемінің жеткіліксіз болуы;

Шартта қарастырылған басқада негіздер.

9.5. Осы Шартты бұзған жағдайда, екі Тарап та өзара есеп айырысуды екі айдың ішінде аяқтауы тиіс.

Алайда, қандай да бір төлем жүйесі тарапынан операция сомасын төлемеу салдарынан наразылық болған жағдайда, есеп айырысуды реттеу кезеңі мерзіммен шектелмейді.

10. Дауларды шешу

10.1. Тараптар арасында туындайтын барлық даулар өзара тиімді шешімге келу мақсатында келіссөздер арқылы шешіледі. Тараптар келісімге келе алмаған жағдайда даулар және/немесе келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шарт жасалған жерде сот арқылы реттеледі.

10.2. Тараптар дауларды шешу кезінде ақпаратты машиналық тасымалдаушылардағы операциялар туралы мәліметтерді дәйек ретінде тануға келіседі.

10.3. Қолданылатын заң – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы.